

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1037 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 тамыздағы N 808 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалында (Астана қаласы) жоғары білімді мамандар даярлау туралы келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1037 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтінінде "Қазақстан Республикасының" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бірғаным Сарықызы Әйтімоваға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан" деген сөздермен толықтырылсын, "жасалсын" деген сөз "жасасуға өкілеттік берілсін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы